



Автор: Калауова Гульзира Нурлукуловна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Тіл және қарым-қатынас
Тақырып: Сөйлеу тілінің қажеттілігі

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	Т/А3 Мәтіннен ақпаратты анықтау Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.
Сабақтың мақсаттары:	Барлық оқушылар мәтін мазмұнын түсінеді; негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алады. Көптеген оқушылар мәтін мазмұнын толық түсінеді; негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Кейбір оқушылар мәтін мазмұнын терең түсінеді; негізгі және қосымша ақпарат екенін дәлелдей алады.
Бағалау критерийлері:	Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.
Тілдік мақсаттар:	Пән лексикасы және терминология: құндылық, аманат, қарым -қатынас, қажеттілік, теріскен Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: сөйлеу арқылы, күнделікті өмір, кеңес беру, басты құрал
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті
Мектеп құндылықтары:	Ынтымақтастық: жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды.
Осыған дейін меңгерілген білім:	Алдыңғы біліммен байланыстыру: «АКРОНОМ» әдісі арқылы байланыстырылады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы: (2мин)	Ұйымдастыру: -оқушылардың сабаққа қатысын тексеру; - сабақ мақсатымен таныстыру; «АКРОНОМ» әдісі Оқушылар қасында отырған жұбымен бірге берілген сөзден сабақ тақырыбына қатысты сөйлем немесе мақал\өлең жазады (ауызша орындауға да болады) Т- І - Л - Мысалы: Тілді Ілгерілету үшін Лауазымды тұлға болудың қажеті жоқ. Оқушылар өз нұсқаларын сыныпқа таныстырады. Кері байланыс: Тапсырманы орындау қаншалықты жеңіл\күрделі? Неліктен?	

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың ортасы:	5-30 минут оқушылардың тапсырма. Image not found or type unknown Оқушылар шарда берілген 3 тақырыптың бірі тандап, тыңдалым мәтіні не туралы екенін болжайды. Дәлелдер келтіре отырып, өз ойларын жеткізеді. Оқушыларға бағалау критерийі мен дескриптор таныстырылады. Бағалау критерийі Дескриптор оқушы Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып жазады Өз пікірін дәлелдейді Тыңдалым кезіндегі тапсырма. https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE Оқушылар дәптерлеріне орындайды: Ж.Маңыздылық аймағы Ішкі шеңберге- негізгі ақпаратты, Сыртқы шеңберге- қосымша ақпараттар Image not found or type unknown ЖЖ. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «6 Неліктен?» әдісі Оқушылар өздерінің жазған ақпараттарының негізгі және қосымша ақпарат болатынын дәлелдер келтіре отырып, өзара талқылайды. Мысалы: 1-оқушы: Сөйлеу тілі арқылы біз күнделікті хабарларды жеткізіп отырамыз – негізгі ақпарат. 2-оқушы: Неліктен бұл негізгі ақпарат бола алады? 1-оқушы: Себебі мәтіннің негізгі айтамын деп тұрған ойы осы сөйлеммен тікелей байланысты. 2-оқушы: Неліктен осы сөйлеммен тікелей байланысты?.. Ф.Мұғалім оқушыларды бақылайды, бағыт береді, журналына комментарий жазады.	
сабақтың соңы: (3 мин)	Рефлексия: Ризамын... (өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?) Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасыз?) Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?)	